**Кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімділігін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 467 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 қыркүйекте № 15614 болып тіркелді.

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мен бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдар есептілігінің тізбесі және мерзімділігі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымы мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдары, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдар есептілікті "www.dfo.kz." мекенжайы бойынша интернет желісінде орналасқан қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы электрондық форматта ұсынады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.01.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мыналардың күші жойылсын:

1) "Кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 296 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11261 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйеде 2015 жылғы 25 маусымда жарияланған);

2) "Кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 296 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 320 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14004 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйеде 2016 жылғы 9 тамызда жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* | *Б. Сұлтанов* |

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

_______________ Н. Айдапкелов

2 тамыз 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 467 бұйрығына
1-қосымша

## Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мен бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдар есептілігінің тізбесі және мерзімділігі

| Р/с № | Есептің атауы | Ұсыну мерзімі |
|---|---|---|
| Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары | | |
| 1 | Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп | есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейінгі мерзімде* |
| 2 | Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп | |
| 3 | Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп | |
| 4 | Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп | |
| Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымдар | | |
| 5 | Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген және таныған сертификаттар туралы есеп | емтихан өткен күннен бастап үш ай ішінде танылған және берілген сертификаттарда, сондай-ақ емтихандық модульге өзгертулер енгізген күннен бастап * |
| 6 | Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихан модульдерінің өзгеруі туралы есеп | |

Ескертпе: уәкілетті орган пысықтауға жіберілген жағдайда, пысықталған есепті 5 жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 467 бұйрығына
2-қосымша

Әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысан

**Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп**
**20___жылғы есепті кезең**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индексі: № 1-ЧЛ

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары

Қайда тапсырады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Тапсыру мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде.

Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндірме "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымына кірген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген

Жыл ______________________________

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі _______

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының атауы ____________

Бухгалтерлер мен кәсіби бухгалтерлердің саны туралы мәліметтер

| № | Жеке сәйкестендіру нөмірі | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) | Мекен жайы | | Кәсіби бухгалтер сертификаты | | | Енген күні | Шыққан күні | Бухгалтерлердің кәсіби ұйымындағы мүшелік билеті немесе оның мүшелігін растайтын құжатың нөмірі | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Консультативтік орган құрамына өкілеттік туралы ақпарат |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | аймақ | толық мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы | нөмірі | берілген күні | сертификат берген ұйымның атауы | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

**Бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы мәліметтер**

| № | Бухгалтерлік ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі | Бухгалтерлік ұйымның атауы | Басшының жеке сәйкестендіру нөмірі | Басшының Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) | Заңды мекенжайы | | Тұрақты мекенжайы | | Енген күні | Шыққан күні | Бухгалтерлердің кәсіби ұйымындағы мүшелік билеті немесе оның мүшелігін растайтын құжаттың нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аймақ | қала / аудан, мекен-жайы, телефон, электрондық мекен-жайы | аймақ | қаласы/ аудан, мекен-жай, телефон, электронды мекен-жай | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымының басшысы

_______________________________________________

қолы (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

"Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп" нысан "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп" нысан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне электрондық форматта аккредиттелген кәсіби ұйымдар ұсынады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Бухгалтерлер мен кәсіби бухгалтерлердің саны туралы мәліметтер" кестесінде:

нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

нысанның 2-бағанында жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

нысанның 3-бағанында тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Мекенжайы" нысанының 4, 5-бағандарында мекенжайы, оның ішінде өңір, толық мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы көрсетіледі;

"Кәсіби бухгалтер сертификаты" нысанының 6, 7, 8-бағандарында сертификатты берген ұйымның нөмірі, берілген күні, атауы көрсетіледі;

нысанның 9-бағанында енген күні көрсетіледі;

нысанның 10-бағанында шыққан күні көрсетіледі;

нысанның 11-бағанында бухгалтерлердің кәсіби ұйымына мүшелікті растайтын билеті немесе оның мүшелігін растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі;

нысанның 12-бағанында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Консультативтік орган құрамына өкілеттік беру туралы ақпарат көрсетіледі.

"Бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы мәліметтер" кестесінде:

нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

нысанның 2-бағанында бухгалтерлік ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

нысанның 3-бағанында бухгалтерлік ұйымның атауы көрсетіледі;

нысанның 4-бағанында басшының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

нысанның 5-бағанында басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

нысанның 6, 7-бағандарында "Заңды мекенжайы", оның ішінде өңір, қала/аудан, мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы көрсетіледі;

нысанның 8, 9-бағандарында "Тұрақты мекенжайы", оның ішінде өңір, қала/аудан, мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы көрсетіледі;

нысанның 10-бағанында енген күні көрсетіледі;

нысанның 11-бағанында шыққан күні көрсетіледі;

нысанның 12-бағанында мүшелік билеттің немесе бухгалтерлердің кәсіби ұйымына мүшелігін растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 467 бұйрығына
3-қосымша
Әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысан

**Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп**

**20___жылғы есепті кезең**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индексі: № Ф-2 БА
Кезеңділігі: жылдық
Ұсынатындар: бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары
Қайда тапсырады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне
Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.
Тапсыру мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде
Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндірме "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген
Жыл ______________________________
Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі __________________
Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының атауы ______________________________________

| | Кәсіби бухгалтердің жеке сәйкестендіру нөмірі | Тегі, Аты, Әкесінің Аты (болған жағдайда) кәсіби бухгалтер | Кәсіби бухгалтер сертификатының нөмірі | Кәсіби бухгалтер сертификатының берілген күні | Біліктілікті арттыруды өткізу нысаны мен орны | Біліктілікті арттыруды жүргізген ұйымның атауы | Міндетті сағатар саны | Қосымша сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

"Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме**

1. "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымы мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп" нысаны "бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымы мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп нысанын бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне электрондық

форматта ұсынады. Нысанға бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымының басшысы қол қояды. Есептің электрондық форматы есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде қалыптастырылады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

нысанның 2-бағанында кәсіби бухгалтердің жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

нысанның 3-бағанында кәсіби бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

нысанның 4-бағанында кәсіби бухгалтер сертификатының нөмірі көрсетіледі;

нысанның 5-бағанында кәсіби бухгалтер сертификатының берілген күні көрсетіледі;

нысанның 6-бағанында біліктілікті арттыруды өткізу нысаны мен орны көрсетіледі;

нысанның 7-бағанында біліктілікті арттыруды жүргізген ұйымның атауы көрсетіледі;

нысанның 8-бағанында міндетті сағатар саны көрсетіледі;

нысанның 9-бағанында қосымша сағаттардың саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 467 бұйрығына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

**Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы есеп**
**20___жылғы есепті кезең**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индексі: № Ф-3 МС

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары бойынша тапсырады

Қайда тапсырылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Тапсыру мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде

Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндіру "Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген

Жыл___________________________________

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___________________

**Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының атауы**

| р/с № | Ынтымақ тастықтың мазмұны мен нысаны | Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша комитет | | Халықаралық бухгалтерлер федерациясы | | Біріккен Ұлтар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының есеп және есептілік стандарттары бойынша Үкіметаралық жұмыс тобы | | Басқа халықаралық ұйымдар | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ия /Жоқ | толық жазу | Ия/Жоқ | толық жазу | Ия/Жоқ | толық жазу | Ия/Жоқ | толық жазу |
| 1 | Тиісті органдарда өкілдерінің болуы | | | | | | | | |
| 2 | Стандарттар жобалары бойынша ұсыныстар мен ескертулерді жолдау | | | | | | | | |
| 3 | Рұқсатты талап ететін мәселелерді қою, стандарттарды түсіндіру үшін сұраулар жіберу | | | | | | | | |
| 4 | Ұлттық шаруашылық субьектілерімен стандарттардың сынамал | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ы қ қолдануын жүргізу | | | | | | | | |
| 5 | Бірлесіп конференция, семинарлар, симпозиумдар, конгресстер өткізу | | | | | | | | |
| 6 | Персоналды ұсыну | | | | | | | | |
| 7 | Ынтамақтастықтың басқа да түрлері ( қандай екенін көрсету) | | | | | | | | |

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымының басшысы ____________________
________________________________________

қолы (тегі, аты, әкесінің аты бар болса)

"Бухгалтерлік есеп пен есептілік
саласында халықаралық
ұйымдармен ынтамақтастық
туралы есеп" әкімшілік
деректерін жинауға арналған
нысанға
қосымша

## "Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме

1. "Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысаны "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысанын бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары электрондық форматта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі

мемлекеттік аудит комитетіне ұсынады. Нысанға бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымының басшысы қол қояды. Есептің электрондық форматы есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде қалыптастырылады.

3. Нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

1-бағанда реттік саны көрсетіледі;

2-бағанда ынтымақтастықтың мазмұны мен нысаны көрсетіледі;

тиісті органдарда өкілдерінің болуы;

стандарттар жобалары бойынша ұсыныстар мен ескертулерді жолдау;

стандарттарды түсіндіру үшін сауалдар жіберу, шешуді талап ететін мәселелерді қою;

ұлттық шаруашылық субьектілерінің стандарттарды сынамалық қолдануын жүргізуі;

бірлесіп конференция, семинарлар, симпозиумдар, конгресстер өткізу;

персоналды ұсыну;

ынтамақтастықтың басқа да түрлері (қандай екенін көрсету) көрсетіледі

3, 4-бағандарда халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитеті, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу көрсетіледі;

5, 6-бағандарда Халықаралық бухгалтерлер федерациясы, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу көрсетіледі;

7, 8-бағандарда Біріккен Ұлтар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының есеп және есептілік стандарттары жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобы, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу көрсетіледі;

9, 10-бағандарда басқа халықаралық ұйымдар, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 467 бұйрығына
5-қосымша
Әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысан

**Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп 20___жылғы есепті кезең**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индексі: № Ф-4 РО

Кезенділігі: жылдық

Ұсынатындар: бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары бойынша тапсырады

Қайда тапсырылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Тапсыру мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде

Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндіру "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген

Жыл_______________________________

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі __________________

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының атауы ______________________________________

Бухгалтерлердің кәсіби ұйым басшысының тегі,аты,әкесінің аты (болған кезде) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі ________________

Сайланған (тағайындалған) күні мен мерзімі ____________________

| Р/с № | Бөлімшенің атауы | Бөлімше басшысының лауазымы | Бөлімше басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі | Басшының Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде) | Байланыс телефоны | Электрондық мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша | | | | | |
| 2 | Бухгалтерлердің біліктілігін арттыру бойынша | | | | | |
| 3 | Этика мәселесі бойынша | | | | | |
| 4 | Дауларды қарастыру бойынша | | | | | |
| 5 | Басқа органдар | | | | | |

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымының басшысы ____________

___________________________________

қолы (тегі, аты, әкесінің аты бар болса)

"Бухгалтерлердің
аккредиттелген кәсіби
ұйымдарының жұмыс органдары
құрылымының өзгергені туралы
есеп" әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысанға
қосымша

**"Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме**

1. "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп" нысаны "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп" нысанын бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары электрондық форматта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне ұсынады. Есептің электрондық форматы есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде қалыптастырылады.

3. Нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

1-бағанда реттік саны көрсетіледі;

2-бағанда бөлімшенің атауы, оның ішінде:

халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша;

бухгалтерлердің біліктілігін арттыру бойынша;

этика мәселелері бойынша;

дауларды қарастыру бойынша;

басқа органдар;

3-бағанда бөлімше басшысының лауазымы көрсетіледі;

4-бағанда басшының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

5-бағанда басшының тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

6-бағанда байланыс телефоны көрсетіледі;

7-бағанда электрондық мекен-жайы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 467 бұйрығына
6-қосымша
Әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысан

**Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп**
**20___жылғы есепті кезең**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индексі: № Ф-5 СЕРТ.

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымдар

Қайда тапсырады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Тапсыру мерзімі: емтихандар өткен, танылған және берілген сертификаттар күнінен бастап, сондай-ақ емтихандық модульдерге өзгерістер енгізген күннен бастап үш ай ішінде

Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндіру "Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі ________________________________

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымның атауы ___
________________________________________________

Жыл_____________

Тоқсан___________

| | "Аудитор" біліктілік куәлігінің болуы | | | Сертификатт алған алқа бухгалтерлер қауымдастығы сертификатының болуы | | | | | | | | Кәсіби бухгалтер сертификаты | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | |

| Жеке сәйкестендіру нөмірі | Нөмірі | Берілген күні | Кім берді | Нөмірі | Берілген күні | Қаржылық есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілік (ия/жоқ) | Басқарушылық есеп (иә / жоқ) | Қаржы және қаржы менеджменті (иә / жоқ ) | Салық | Құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнетақы заңнамасы) | Этика | Нөмірі | Беріл | Кәсіби бухгалтер сертификатын алу орны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | ген күні | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

Ескертпе: есепті кезеңдегі кәсіби бухгалтерлерге кандидаттардың, сондай-ақ кәсіби бухгалтер сертификатын алған кәсіби бухгалтерлердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса ) көрсетіледі.

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау
жөніндегі аккредиттелген ұйымның басшысы _________ ______________________
қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

"Бухгалтерлерді кәсіби
сертификаттау жөніндегі
аккредиттелген ұйым таныған
және берген сертификаттар
туралы есеп" әкімшілік
деректерін жинауға арналған
нысанға қосымша

**"Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме**

1. "Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп" нысаны "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп" нысанын бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым электрондық форматта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсынады. Есептің электрондық форматы емтихандар өткен, танылған және берілген сертификаттар күнінен бастап, сондай-ақ емтихандық модульдерге өзгерістер енгізген күннен бастап үш ай ішінде қалыптастырылады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда Тегі, Аты, Әкесінің аты бар болса көрсетіледі (есепті кезеңде кәсіби бухгалтерлерге кандидаттардың, сондай-ақ кәсіби бухгалтер сертификатын алған кәсіби бухгалтерлердің Тегі, Аты, Әкесінің аты көрсетіледі);

3-бағанда жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4, 5, 6-бағандарда "аудитор" біліктілік куәлігінің болуы, оның ішінде нөмірі, берілген күні, кім бергені көрсетіледі;

7, 8-бағандарда Сертификатталған алқа бухгалтерлер қауымдастығы сертификатының болуы, оның ішінде нөмірі, берілген күні көрсетіледі;

9-бағанда қаржылық есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілік көрсетіледі (иә / жоқ);

10-бағанда басқарушылық есеп көрсетіледі (иә / жоқ);

11-бағанда қаржы және қаржы менеджменті көрсетіледі (иә / жоқ);

12, 13-бағандарда кәсіби бухгалтер сертификаты, оның ішінде нөмірі, берілген күні көрсетіледі;

14-бағанда кәсіби бухгалтер сертификатын алу орны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы<br>
Қаржы министрінің<br>
2017 жылғы 1 тамыздағы<br>
№ 467 бұйрығына<br>
7-қосымша<br>
Әкімшілік деректерді<br>
жинауға арналған нысан

**Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп**
**20 __ жылғы есепті кезең**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 16.09.2022 № 965 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индексі: № Ф-ЕМТ

Кезенділігі: жылдық

Ұсынатындар: бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымдар

Қайда тапсырылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Тапсыру мерзімі: емтихандар өткен, танылған және берілген сертификаттар күнінен бастап, сондай-ақ емтихандық модульдерге өзгерістер енгізген күннен бастап үш ай ішінде

Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндірме "Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген

**Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп**

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымның, бухгалтерлердің кәсіби ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі

___________________________________________________________________________

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымның атауы___ ______________________________________

Жыл_______________

Тоқсан___________

| № п/п | Пәннің атауы | Өткізу орны (өңір) | Өткізілген емтихандар саны | Бір емтиханның орташа құны | Өткізілген оқыту курстарының саны | Оқытудың орташа құны (бар болса) | Берілген емтихандар саны | Емтиханды қайта тапсырудың орташа құны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Қаржылық есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілік | | | | | | | |
| 2 | Басқарушылық есеп | | | | | | | |
| 3 | Қаржы және қаржы менеджменті | | | | | | | |
| 4 | Салық | | | | | | | |
| 5 | Құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнетақы заңнамасы) | | | | | | | |
| 6 | Этика | | | | | | | |

## Емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп

| № р/с | Пәндер бойынша емтихан модульдерінің атауы | Өзгерістер енгізу үшін негіз | Өзгеріс кенгізу күні | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсыну күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымның басшысы

____________ ___________________________________

қолы (тегі, аты, әкесінің аты бар болс

"Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме**

1. "Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп" нысаны "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп" нысанын бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым электрондық форматта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсынады. Нысанға бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымның басшысы қол қояды. Есептің электрондық форматы емтихандар өткен, танылған және берілген сертификаттар күнінен бастап, сондай-ақ емтихандық модульдерге өзгерістер енгізген күннен бастап үш ай ішінде қалыптастырылады. Осы нысанды жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік заңнамасын сақтауға мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда пәннің атауы, оның ішінде қаржылық есеп және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілік көрсетіледі;

басқарушылық есеп;

қаржы және қаржы менеджменті;

салық

құқық (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнетақы заңнамасы);

этика;

3-бағанда өткізу орны (өңір) көрсетіледі;

4-бағанда өткізілген емтихандардың саны көрсетіледі;

5-бағанда бір емтиханның орташа құны көрсетіледі;

6-бағанда өткізілген оқыту курстарының саны көрсетіледі;

7-бағанда оқытудың орташа құны (бар болса) көрсетіледі;

8-бағанда қайта тапсырылған емтихандардың саны көрсетіледі;
9-бағанда емтиханды қайта тапсырудың орташа құны көрсетіледі.
Емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есепте:
1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
2-бағанда пәндер бойынша емтихандық модульдердің атауы көрсетіледі;
3-бағанда өзгерістер енгізу үшін негіз көрсетіледі;
4-бағанда өзгеріс енгізілген күн көрсетіледі;
5-бағанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсыну күні көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК